



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТЕМІРЖОЛДАРДЫҢ ТАРТҚЫШ ҚОСАЛҚЫ СТАНСАЛАРЫ Техникалық талаптар

ТЯГОВЫЕ ПОДСТАНЦИИ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ Технические требования

КР СТ 1830 – 2008

Ресми басылым



**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТЕМІРЖОЛДАРДЫҢ ТАРТҚЫШ ҚОСАЛҚЫ СТАНСАЛАРЫ

Техникалық талаптар

КР СТ 1830 – 2008

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

**1 «СтройИнжиниринг Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің
Көлік және қатынас жолдары комитеті **ЕНГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы
25 желтоқсандағы №655-од бұйрығымен **БЕКІТІЛШІ ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ****

3 Осы стандартта қосалқы стансаларға сыртқы электрмен жабдықтау
сызбанұсқаларын және жоғары кернеулі тарату құрылғыларын пайдалану
бөлігінде, трансформаторлар мен түрлендіру агрегаттарына және жеке
қажеттіліктерге арналған трансформаторлық қосалқы стансаларға, сондай-ақ
қорғау және buquerque жүйелеріне қойылатын талаптар бөлігінде [1] бойынша
Р 621 «Теміржолдардың тартқыш қосалқы стансаларына қойылатын
техникалық талаптар» Теміржол ынтымақтастық ұйымының (ТЖҰ)
талаптары іске асырылды.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2013 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің
рұқсатының ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып
шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТЕМІРЖОЛДАРДЫҢ ТАРТҚЫШ ҚОСАЛҚЫ СТАНСАЛАРЫ
Техникалық талаптар

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт теміржолдардың тартқыш стансаларына, жіктеуге қойылатын талаптарды белгілейді және сыртқы электрмен жабдықтау және жоғарғы кернеуді қосалқы стансаларға тарату күрылғыларының сызбанұқсаларын анықтайды.

Осы стандарт трансформаторларға және түрлендіргіш агрегаттарға, жеке қажеттіліктеріне арналған трансформаторлық қосалқы стансаларға таратылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ГОСТ 12.2.007.3-75 Еңбек қауіпсіздік стандарттарының жүйесі. 1000 В жоғары кернеуге арналған электро-техникалық күрылғылар. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 17703-72 Коммутациялық электр апараттары. Негізгі ұғымдар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18311-80 Электро-техникалық бүйімдар. Негізгі ұғымдардың терминдері мен анықтамалары.

ГОСТ 27.003-90 Техникадағы сенімділік. Құрамы және сенімділігі бойынша талаптары берудің жалпы ережелері.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 17703, ГОСТ 18311 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Тартқыш қосалқы стансалар (ТҚС): Магистральдық теміржолдарда тартқыш электрмен жабдықтау жүйелерінде қамтамасыз ететін электр қондырғылары, электр энергиясын түрлендіру және тартқыш желілерді, тартқыш емес теміржол тұтынушыларын коректендіру.

Ресми басылым

3.2 Ашық тарату құрылғылары (ОРУ): Ашық аланға орнатылған тарату құрылғылары.

3.3 Жабық тарату құрылғылары (ЗРУ): Үй-жайга және модуль типті блоктарға орнатылған тарату құрылғылары

3.4 Тіреулік тартқыш қосалқы стансалар: Үш немесе одан да көп электр беру желілері (ЭБЖ) бойынша корек алатын қосалқы стансалары.

3.5 Аralық тартқыш қосалқы стансалар: Екі ЭБЖ бойынша корек алатын қосалқы стансалар.

3.6 Түйіспелі тартқыш қосалқы стансалар: Тұрақты және айнымалы ток кернеудің түйісу стансаларына жақын жатқан фидерлік аймактардың байланыс желісіне беруді қамтамасыз ететін ТПС.

3.7 Жеке қажеттіліктер: Тартқыш қосалқы стансаның технологиялық қажеттіліктердің электр энергиясымен қамтамасыз ету құрылғылары.

3.8 Жинақты тартқыш қосалқы стансалар: Ашық және жабық орындаған электр жабдығымен жинақталған зауыттан толығымен дайын шыққан қондырғылар, зауытта дайындалған блоктар.

3.9 Жылжымалы тартқыш қосалқы стансалар: Стационарлық ТПС қатардан шыққан кезде электр өткізілген теміржолдарды байланыс желісінің қоректендіруін қамтамасыз ететін ТПС.

4 Жіктеу және тартқыш қосалқы стансаларға қойылатын жалпы техникалық талаптар

4.1 Тартқыш қосалқы стансалардың түрлерін жіктеу.

Тартқыш қосалқы стансалар мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

- электр тартқыштың қызмет көрсету жүйесі бойынша – айнымалы токтың, тұрақты токтың және түйіспелі қосалқы стансалар;

- басқару тәсілі бойынша – телебасқарылатын және телебасқарылмайтын;

- қызмет көрсету тәсілі бойынша – үнемі кезекші қызметкерлермен, үйге кезекшілік жасаумен, кезекші қызметкерлерсіз;

- құрастырылымдық орындау бойынша – стационарлық, соның ішінде жинақтаушы және жылжымалы;

- сыртқы электр жабдықтау желісіне косу тәсілі және арналуы бойынша – тіреулік, аралық және соңғы басы (түйік).

4.2 Қосалқы стансалар ғимараттарына қалқанды аккумулятор батареясы, тарату құрылғылары бөлмелерін (іштен орнатудың тарату құрылғылары кезінде), қызметкерлерге арналған қызметтік бөлмені және жұмыстар жасауға қажетті білдектері бар шеберхана бөлмесін қарастыру үсінілады. Соңдай-ақ қызметкерлерге арналған тұрмыстық бөлмелер:

қосалқы станса бастығын бөлмесі, түрмистық аспаптары бар тамак ішүе арналған бөлме, себезі, дәретхана, қойма.

4.3 Қосалқы стансаларда табиги күндізгі жарық спектрін шығаратын шамдармен жарық беруді қолдану ұсынылады. Сондай-ақ Жұмыс жарық беруіне аккумулятор батареясына) тәуелсіз желісіне қосылған апарттық жарық беру қарастырылады.

4.4 Қосалқы станса ғимараттарын жылтыруды жергілікті жағдайларға сүйеніп орындау ұсынылады (жергілікті жерде қолданылатын жылу желілерінен немесе жылу генераторларынан қоректендіріп электрмен, сумен жылтыу).

4.5 Ашық тарату құрылғылары қолданылған жағдайда, оларды темірбетон немесе металл құрастырылымдардан жасау ұсынылады.

4.6 Модульді жабық тарату құрылғыларын қолдану кезінде, оларды ішкі және сыртқы қабырғалар арасындағы кеңістікті жылу-оқшаулау материалымен толтырып екі қабат етіп орындау ұсынылады.

4.7 Қосалқы стансалардың жерге қосу құрылғыларын жолақты (таспалы) жерге қосқыштан және тік электродтардан контур түрінде орындау ұсынылады. Жерге қосу құрылғысының параметрлері елде қабылданған нормалар мен ережелерге сәйкес келуге тиіс.

4.8 Қосалқы стансалар ғимараттарындағы және ашық бөлігіндегі кабельдерді арнайы кабель арналарына тесеу ұсынылады.

4.9 Қосалқы стансалар аумактарына автомобиль және теміржол кіреберістерін, ал ол мүмкін болмagan немесе мақсатқа сай келмеген жағдайда тек автомобиль кіреберістерін салу ұсынылады.

4.10 Қосалқы стансада май толтырылған жабдық апатқа ұшыраған жағдайда оның агуына немесе топыраққа сінүіне жол бермейтін трансформатор майын ұстағыштар (ұлттық нормаларға сәйкес) кезделуге тиіс.

4.11 Оқшаулау бүлінген жағдайда кернеу әсерінде қалуы мүмкін барлық металл құрастырылымдар жерге қосу құрылғыларымен қосылуға тиіс. Металл құрастырылымның түзетілген токты тарату құрылғыларына және айнымалы токты жабық тарату құрылғыларына, токты «жер» қорғау бүріс эсер етпес үшін, қосалқы станса ғимараты ток өткізетін құрылым құрастырылымдарынан (еден және қабырға) оқшаулаушы элементтермен (оқшаулағыштар, тесемдер) оқшаулануға тиіс.

4.12 Монолит бетон мен кірпіштен жасалған құрылым құрастырылымдарын негізінен ток өткізбейтіндер деп есептеу керек.

4.13 Күзет және өрт сигналын (соның ішінде видео бақылау) орнатуды қосалқы стансаның жеке қажеттіліктерін шиналардан қоректендіре отырып, жергілікті жағдайларға ынғайластырылған көлемде орындау қажет. Тартқыш қосалқы стансаға санкцияланбай ету туралы сигналды телемеханика құрылғылары көмегімен энергия-диспетчерлік пунктке беру ұсынылады.

4.14 Тұрақты кезекші қызметкерлерсіз жұмыс режимі қамтамасыз ететін тиісті жүйелер мен құрылғыларды қабылдау ұсынылады.

4.15 Кернеуге арналған пайдаланылатын электро-техникалық құрылғыларға қойылатын қауіпсіздік талаптары ГОСТ 12.2.007.3 және ГОСТ 27.003 бойынша 1000 В жоғары.

4.16 Жергілікті жағдайларға байланысты, жабық тарату құрылғылары мен қосалқы стансағимаратын автоматты түрде жылдыту және жедету құрылғыларымен жабдықтау ұсынылады.

5 Сыртқы электрмен жабдықтау және жоғары кернеулі тарату құрылғыларының сызбанұсқасы

5.1 Тартқыш қосалқы стансаларды қоректендіру үшін қолданылып жүрген сыртқы электрмен жабдықтау желілерін пайдалану ұсынылады.


Қолданылып жүрген сыртқы электрмен жабдықтау желілерін пайдалану мүмкін болмagan жағдайда жоғары вольтті электр беру желілері салынуға тиіс.

5.2 Тартқыш қосалқы стансаларды электрмен жабдықтау, әдетте, радиальды желілермен қамтамасыз етілуге тиіс. Олардың бірі ажыратылған жағдайда қосалқы стансаны үздіксіз қоректендіру қамтамасыз етілуге тиіс.

5.3 Тартқыш қосалқы стансалардың қоректендіретін кернеуінің тарату құрылғыларының сызбанұсқалары қосалқы стансалар қорек алатын электр желілерінің сызбанұсқаларына байланысты анықталады және олардың сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары кернеулі тарату құрылғыларының сызбанұсқалары электрмен жабдықтау үйімдарымен келісілуге тиіс.

5.4 Қосалқы стансаларды 110 бастап 220 кВ дейін қоректендіру кернеуі кезінде жоғары кернеулі жағында ұсынылады:

5.4.1 Қосалқы стансаларды 110 бастап 220 кВ дейінгі желі транзитіне қосқан кезде – түйіктағышқа және төмендейтін трансформаторлардың коммутациясы үшін, не электрмен жабдықтау үйімдарының талаптары бойынша, іске қосылатын жерлерге, түйіктағышқа және трансформаторларға ажыратқыштар орнатылған сызбанұсқалар.




РД – қашыктан басқарылатын ажыратқыш
 В – жоғары вольтті сөндіргіш
 ТН – кернеу трансформаторы
 ТП – төмөндетегін трансформатор

1-сурет – Жоғары кернеулі желіге транзитті тартқыш қосалқы стансаны қосу сызбанұсқасы

Сөндіргіш тек түйіктагышқа және трансформаторларға орнатылған жағдайда, желілерге қозғалтқыш жетектері бар ажыратқыштар орнатылады.

Түйіктагыштағы сөндіргішті екі қол ажыратқыш қосылатын қосымша жөндеу түйіктагышмен түйіктау ұсынылады.


5.4.2 Қосалқы стансаны түйік аралық шықпалармен 110 бастап 220 кВ дейін екі желіден немесе екі тізбекті желіден (аралық шықпа қосалқы стансалары) қоректендіру кезінде 2-суретте берілген сызбанұсқа ұсынылады.



2-сурет - Жоғары кернеулі желіге дәнекерлік тартқыш қосалқы стансаны қосу сызбанұсқасы

Бул жағдайда түйіктағышта мотор жетектері бары ақыратқыштарды орнату ұсынылады. Қалған жағдайда жоғарғы кернеулі жактағы қосалқы стансаның сызбанұсқасын транзиттік қосалқы станса сызбанұсқасына ұқсас етіл орындау ұсынылады.

5.4.3 Қосалқы стансанға кіретін 110 бастап 220 кВ дейінгі желілердің саны екеуден артық (тіреулік қосалқы стансалар) болса, жоғарғы кернеулі тарату құрылғысы шиналардың оралу жүйесімен толтырылады (3-суретті караңыз).



3-сурет - Жоғары кернеулік желігі тіреулік тартқыш қосалқы стансаны қосу сыйбанұсқасы

Тіреулік қосалқы стансалардың желілері мен трансформаторларын жалғау үшін сөндіргіштер орнатылуға тиіс.

5.5 Қоректендіру жағында қосалқы стансаларды қоректендіру кернеуі 110 кВ төмөн болған жағдайда сөндіргішпен секцияларға бөлінген шиналардың жалғыз жүйесін қолдану ұсынылады. Бұл кезде секциялық сөндіргішке автоматты резерв құрылғысын орнату ұсынылады.

Бұл жағдайда барлық желілер мен трансформаторларға ажыратқыштар орнатылуға тиіс.

5.6 Жоғарғы кернеулік жаққа мыналарды пайдалану ұсынылады:

5.6.1 110 кВ және одан жоғары кернеулерге арналған күш коммутациялау апараттар ретінде – 35 кВ және одан төмөн кернеуге арналған жоғары вольтті әлегаз ажыратқыштар – жоғары вольтті әлегаз немесе вакуум ажыратқыштар.

5.6.2 Токтың, кернеудің өлшеу әлегаз трансформаторлары, жоғары вольтті іске қосу – қатты оқшаулаумен.

5.6.3 Асқын кернеуді шектегіштер.

6 Трансформаторларға және түрлендіргіш агрегаттарға қойылатын талаптар

6.1 Төмendetetін трансформаторлар мен түрлендіргіш агрегаттардың саны мен куаты (тұракты токты қосалқы стансаларда) олардың жүктелу қабілеті ескерілп анықталуға тиіс.

6.2 Айнымалы токты тартқыш қосалқы стансаларда және тұракты токты тартқыш қосалқы стансаларда кемі екі төмendetetу трансформаторларын орнату ұсынылады.

6.3 Төмendetetін трансформаторлардың немесе түрлендіргіш агрегаттардың бірі ажыратылған жағдайда, тұтынушыларды электрмен жабдықтау берілген уақыт ішінде жұмыс істеуде қалған трансформаторлармен және түрлендіргіштермен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.4 Бір фазалы трансформаторлары бар айнымалы токты тартқыш қосалқы стансаларға әр түрлі фазалардан әр түрлі бағыттардағы тартқыш желіні коректендіру үшін жекелеген трансформаторларды орнату қажет. Бағыттардың әркайсысын коректендіру үшін бір неше бірнеше трансформаторлар орнатылуы мүмкін.

Осындай қосалқы стансаларға трансформатор куатын резервтеу қажет болған жағдайда, тиісті жалғау аппараттарымен коректендіруші және тартқыш желі фазаларының қажетті үйлесіміне косылуға тиісті қосалқы (резервтегі) трансформаторды орнату ұсынылады.

6.5 Тұракты токты тартқыш қосалқы стансаларда он екі пульсті түзеткіші бар түрлендіргіш аппараттарды және тиісінше төмendetetін трансформаторларды пайдалану ұсынылады.


6.6 Ішкі де, сыртқы да орнатуға жол беретін табиги ауа салқындағыны бар түзеткіштерді қолдану ұсынылады.

7 Тартқыш кернеулі тарату құрылғыларына қойылатын талаптар


7.1 Тартқыш кернеулі тарату құрылғыларын ажыратқылармен секцияларға бөлінген, шиналардың жалғыз жүйесімен орындау ұсынылады. Байланыс желісі фидерлерінің ажыратқыштарының кез келгенін ауыстыра алатын ажыратқышы бар қосалқы шинаны, секцияларға бөлінген ажыратқыларды қарастыру ұсынылады (4а суреттің қарандыз).

Айнымалы токты қосалқы стансаларда шиналар секцияларының әркайсысына әр түрлі фазалардан коректенетін байланыс желісі фидерін (әр түрлі бағыттарғы фидер) қосу ұсынылады.

Егер тарату құрылғысы илемделген коммутациялық блоктарға орнатылатын болса, кейбір жағдайларда қосалқы шинаның орнына қосалқы коммутациялық блок қарастыруға жол беріледі (4б суреттің қарандыз).



ТСН – жеке қажеттіліктер трансформаторы



БВ – тез әрекет ететін сөндіргіш
Р - реактор

6

4-сурет – Айнымалы (а) және тұрақты (б) токтың тартқыш кернеулі тарату күршілшарының сыйбанусқаларының үлгілері

7.2 Қосалқы стансаларға кемі екі жеке қажеттілікті трансформатор орнату үсініләди. Осы трансформаторлар мыналарға қосылады (4а суретін караңыз):

7.2.1 Тартқыш кернеудің жинақталған шиналарына - 27,5 кВ айнымалы токты қосалқы стансаларда;

7.2.2 Корек кернеуі кезінде аралық (екілік трансформация кезінде) кернеудің тарату құрылғысының жинақтық шиналарына – тұрақты токты қосалқы стансаларда;

7.2.3 2 · 25 кВ айнымалы токты тартқыш қосалқы стансаларда коректендіруші сымдардың шиналарына.

7.3 Айнымалы токты тартқыш қосалқы стансаларда жүйенің фидерлері орнына төмендететін трансформаторлардың үшінші жағынан коректендіретін жеке тұрған тіреулердегі тиісті кернеулі электр беру желісімен бойлық екі сым – рельсті (ДПР) қолдану үсініләди.

Осы желілердің кернеулерінің шамасы желі үзындығына және оған қосылған қуат шамасына байланысты таңдалады.

7.4 Егер ДПР жүйесін қолдану экономикалық және өзге талаптармен негізделсе, фидерлер тартқыш кернеу шиналарына қосылады (2 · 25 кВ электрмен жабдықтау жүйесінде – коректендіруші жетектер шиналарына).

7.5 Айнымалы және тұрақты токты қосалқы стансаларда трансформаторларды және автобүфаттау электрмен жабдықтау тарату құрылғылары, сондай-ақ реактивті қуатты көлденең және бойлық етөу құрылғыларын және (тұрақты токты қосалқы стансаларда) электр қозғалу құрамының рекуперациялау артық энергияны терістеуге немесе сінірге арналған құрылғыларды орнату қарастырылуға тиіс.

7.6 Тиісті техникалық-экономикалық негізdemeler кезінде тартқыш емес тұтынушыларды коректендіру үшін тарату құрылғыларының болуы қарастырыла алады.

7.7 Тұрақты және айнымалы токтың қосалқы стансалары үшін басқару аппаратурасы мен қоргауды тікелей жабдықтың жаңынан орнатып, кернеулердің барлық кластарының жабық тарату құрылғыларын қолдану үсініләди.

Жабық тарату құрылғыларын қосалқы стансалар ғимараттарына да, жылдықтышты металл модульдерге де орналастыру үсініләди.

Ашық тарату құрылғыларын жобалауға және қолдануға жол беріледі.

7.8 3 кВ және одан жоғары барлық тарату құрылғыларында стационарлық жерге қосу пышқаттарын, соның ішінде дистанциялық басқарылатын жетектері барларын қолдану үсініләди.

7.9 Тұрақты токты тартқыш қосалқы стансаларға пульс кернеүін тегістеуге арналған құрылғыларды орнату керек.

7.10 Жергілікті жағдайларға байланысты, жылжымалы қосымша күш жабдығын – трансформаторларды, түрлендіргіш агрегаттарды, етейтін

құрылғыларды және т.б. қосалқы стансалардың тарату құрылғыларына қосу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

7.11 Қосалқы стансаларды тарату құрылғылары наизағай қорғау көмегімен наизағай асқын кернеулерінен қорғалуға тиіс.

7.12 Тартқыш қосалқы стансалардың жабдығын тартқыш қосалқы стансалар шиналарына да, сол сияқты барлық кететін қосқыштарға да (сөндіргіш пен желілік ажыратқыш арасына) орнатылуға тиісті асқын кернеулерді шектегіштер көмегімен коммутациялық және басқа асқын кернеулерден қорғау қажет.

Қажет жағдайда, жабдықтың жекелеген типтері (мысалы, жартылай еткізіш түрлендіргіштер) арнайы разрядниктермен, резисторлық-ыдыс контурларымен және т.б.) қорғала алады.

7.13 Барлық желілік, мүмкіндігінше шиналық ажыратқыштарды да мотор жетектерімен жарактандыру қажет.

7.14 Тұрақты токты қосалқы стансалардағы сорғыш желі (көрі ток желісі) жерге қосу контурынан оқшауланып орындалуға тиіс.

Айнымалы токты қосалқы стансалардағы сорғыш (көрі) желіні жерге қосу контурымен және (болған жағдайда) қосалқы станса аумағындағы теміржол кіреберіс жолымен қосу ұсынылады.

Көрі ток желісі кем дегендеге екі сымнан жасалуға тиіс.

7.15 Металл қабықтар мен бақылау және күш кабельдерінің қаптамалары, қосалқы станса контуры аумағынан шығатын әр түрлі мақсатқа арналған металл күбыржолдары (соның ішінде сұқыбырлары) қосалқы стансамен сенімді қосылуға тиіс. Бұл кезде әлеуетті шығаруға қарсы шаралар қарастырулуга тиіс.

7.16 Айнымалы токтың күш ажыратқыштары ретінде әлегаз немесе вакуум ажыратқыштар қолдану ұсынылады.

7.17 Тарату құрылғылары үшін зауытта дайындалатын жинақтық блоктарды қолдану ұсынылады.

7.18 Құйылған оқшаулауы мен 0,5S класты (төмен емес) орауышы бар, токтың және кернеудің өлшеу трансформаторларын қолдану ұсынылады.

8 Жеке қажеттіліктерге арналған трансформаторлық қосалқы стансаларға қойылатын талаптар

8.1 Бейтарап жерге қосылған 380/220 айнымалы токтың жеке қажеттіліктері кернеуінің шамасын таңдау ұсынылады.

8.2 Жеке қажеттіліктердің тарату құрылғысын (қалқанын) шиналардың жалғыз секцияларға бөлінген жүйесімен (шапқымен, контактормен немесе автоматпен) орындау қажет.

8.3 Жергілікті жағдайларға сүйене отырып, жеке қажеттіліктерді электрмен жабдықтауды және автобүғаттау құрылғыларын резервтеу үшін мыналар ұсынылады:

8.3.1 Қосалқы стансаға стационар дизель-генератор орнату;

8.3.2 Жылжымалы дизель-генераторды косу мүмкіндігін қарастыру;

8.3.3 Бөгде жергілікті көзден 380/220 В резервті желіні косуды қарастыру;

8.3.4 Бойлық электрмен жабдықтау желісіне жинақтық трансформаторлық қосалқы стансаны немесе ДПР тиісті қосылатын желілік ажыратыштың сиртына орнату.

8.4 Әлеуеттің қосалқы станса аумагынан шығуын болдырmas үшін қосалқы стансаның жерге косу контурынан тыс орналасқан тұтынушыларды қосалқы стансаның жеке қажеттіліктерінен қоректендірмей керек. Қажет жағдайда осындаи қоректендіру оқшаулауыш трансформаторларды пайдаланып ғана жүзеге асырыла алады.

8.5 Тартқыш қосалқы стансада қызмет көрсетілмейтін (аз қызмет көрсетілетін) аккумулятор батареясын, қосалқы станса жабдығына байланысты таңдалатын кернеу мен қуатты орнату қажет.

8.6 Аккумулятор батареясы тұрақты заряд режимінде жұмыс істеуге тиіс.

8.7 Тұрақты және айнымалы токты жеке қажеттіліктер қосылыстарын автоматты сөндірігіштер көмегімен қорғау қажет. Ток және ажырату үақыты бойынша қоңдырығыны реттеуге мүмкіндік беретін сөндірігіштерді қолданған дұрыс. Сақтандырыштарды осы мақсаттар үшін қолдану ұсынылмайды.

9 Қорғауға, автоматикаға, басқаруға, өлшеуге қойылатын талаптар

9.1 Тұрақты және айнымалы токтың тартқыш қосалқы стансаларында жоғарғы кернеулі барлық қосылыстарды осы қосылыстарды ажыратуға немесе (негізделген жағдайларда) булінген кезде және қалыпты емес режимдерде сигнал беруге қолданылатын релелік қорғаудың, автоматиканың және басқарудың микропроцессорлық құрылғыларымен жабдықтау ұсынылады.

Осы құрылғылар жабдықтың тиісті параметрлері шамаларының мониторингін, соның ішінде қысқа түйікталу кезінде қамтамасыз етуге тиіс.

9.2 Тартқыш кернеу жағының қосылыстарын мыналармен жабдықтау ұсынылады:

9.2.1 Ажыратқыштардың істен шығуын резервтеу жүйесімен;

9.2.2 Шиналарды логикалық қорғаумен;


9.2.3 Қорғаудың істен шығуын «Жақын» және «Алыс» резервтеумен;

9.2.4 Оперативтік кернеу жоғалған жағдайда, қосылыстарды ажырату күрылғыларымен.

9.3 Айнымалы токты байланыс желісінің фидерлерінде мынадай қорғау және автоматика (кем емес) функцияларын іске асыру ұсынылады:

9.3.1 Уақытты ұстамай екі сатылы ток бөлгіш, оның бірі фидер тогының қолданыстағы мәніне, екінші – лездік мәнге эсер тигізуге тиіс;

9.3.2 Төрт сатылы дистанциялық қорғау, бұнда бірінші саты бағытталған (бірінші шаршы) немесе бағытталмаған болуға тиіс (ток және (немесе) кернеу бойынша бұғаттаумен), екінші және үшінші – бағытталған, (48° - 50°) – (90° - 95°) бүршіші бойынша әрекет ету аймағымен, төртінші – бағытталған, актив кедергілер осі бойымен созылған әрекет ету аймағымен (5-суретті қарандыз).



5-сурет – Айнымалы токтың байланыс желісі фидерлерін дистанциялық қорғау сатыларының әрекет ету аймақтары.

9.3.3 Ең аз кернеуден қорғау;

9.3.4 Автоматты түрде қайта қосылу.

9.4 Тұрақты токтың байланыс желісінің фидерлерінде мынадай қорғау және автоматика функцияларын (кем емес) іске асыру ұсынылады:

9.4.1 Бір сатылы бөлгіш;

9.4.2 Бір сатылы ең үлкен ток қорғауы;

9.4.3 Бір сатылы дистанциялық қорғау;

9.4.4 Ең аз кернеуден қорғау;

9.4.5 Автоматты түрде қайта қосылу (бұдан әрі - АПВ).

Тұрақты ток байланыс желісінің фидерлерін қорғау үшін ток және кернеу бергіштері ретінде Холл эффектісі негізінде құрастырылған құрылғыларды қолдану ұсынылады.

9.5 ДПР және бойлық электрмен жабдықтау фидерлерінде қорғаудың және автоматиканың мынадай функцияларын (кем емес) іске асыру ұсынылады:

9.5.1 Үш сатылы ең жоғарғы-ток қорғау;

9.5.2 Кері жүйелі ток қорғау;

9.5.3 Ең аз кернеуден қорғау;

9.5.4 Автоматты түрде қайта қосылу.

9.6 Автобұғаттау құрылғыларын электрмен жабдықтау фидерлерінде мынадай қорғау және автоматика функцияларын (кем емес) іске асыру ұсынылады:

9.6.1 Үш сатылы ең жоғарғы-ток қорғау;

9.6.2 Ең аз кернеуден қорғау;

9.6.3 Нөлдік реттілікті бағытталған ең үлкен-ток қорғау;

9.6.4 Автоматты түрде қайта қосылу;

9.6.5 Резервті автоматты қосу.

9.7 Төмендеттің трансформаторларда мынадай қорғау және автоматика функцияларын (кем емес) іске асыру ұсынылады:

9.7.1 Дифференциалдық ток қорғау;

9.7.2 Екі сатылы газдық қорғау;

9.7.3 Кернеу бойынша бұғаттаудан, екі сатылы дистанциялық қорғау – айнымалы токты қосалқы стансаларда трансформатордың тартқыш жағынан ең үлкен-ток қорғау;

9.7.4 Кернеу бойынша бұғаттауы бар – айнымалы токты қосалқы стансаларда трансформатордың коректендіру жағынан ең үлкен-ток қорғау;

9.7.5 Ең аз кернеуден қорғау;

9.7.6 Жоғарғы кернеу жағында қысқаша түйікталудан коректенуді қорғау;

9.7.7 Үрлеу автоматикасы.

9.8 Жеке қажеттіліктер трансформаторларында қорғаудың және автоматиканың мынадай функцияларын (кем емес) іске асыру ұсынылады:

9.8.1 Үш сатылы ең жоғарғы-ток қорғау;

9.8.2 Кері жүйелі ең жоғарғы-ток қорғау;

9.8.3 Ең аз кернеуден қорғау;

9.8.4 Автоматты түрде қайта қосылу.

9.9 Қосу жұмысы режимдерімен программалық басқарды, әсіресе жүктеме шамасына қарай түрлендіру агрегаттарын программалық қосуды және ажыратуды қолдану ұсынылады.

9.10 Тартқыш қосалқы стансаларда телемеханика құралдарын – телебасқару, телесигнал беру, телеөлшеу (ағымдағы және интегралдық шамаларды), телереттеу - толық көлемде қолдану ұсынылады.

9.11 Жергілікті басқаруды және сигнал беруді қарастыру қажет.

9.12 Қосалқы стансаның жалғастырушы аппараттарымен қолмен жергілікті басқаруға ауыстыру жабдықтың оперативтік қалпын өзгертпей жасалуға тиіс.

9.13 Тартқыш қосалқы стансаларды қорғау және автоматика құрылғыларын қоректендіру үшін, сондай-ақ жабдықпен басқару үшін тұрақты оперативтік ток қолдану ұсынылады. Негізделген жағдайларда түзетілген немесе айнымалы токты қолдануға жол беріледі.

9.14 Байланыс желісі фидерлерінде, автобұғаттау, бойлық электрмен жабдықтау желілерінде, ДПР қысқа түйікталған жерге дейінгі аракашықтықты анықтау үшін аппаратура орнату ұсынылады.

9.15 Тұрақты токты байланыс желісі фидерлерінде оперативтік қосқанға немесе АПВ дейін желілердің түзулігін тексеретін «қысқа түйікталу сынаушыларын» орнату ұсынылады.

9.16 Тұрақты токты қосалқы стансаларда және жабық тарату құрылғыларында ток өткізетін бөлшектер тарату құрылғысы ішінде корпусқа түйікталған кезде жабдықты ажырататын «жер» қорғау қарастырулуга тиіс.

9.17 Барлық қосылыстарға ажыратқыштарды жүктемемен ажырату және қосу, қосылысты электр тізбегінің жерге қосылған участкесіне қосу, кернеуі алынбаған тарату құрылғыларының есіктерін ашу және т.б. мүмкіндігін болдырмайтын қауіпсіздік бұғаттауын орнату қажет.

9.18 Электр энергиясын есепке алу энергия жүйесімен келісілген сыйбанұсқалар бойынша орындалады, бұл кезде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды корек кернеуі жағына орнату ұсынылады.

Жобалау кезінде электр энергиясын кешенді есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құруды қарастыру ұсынылады.

9.19 Айнымалы және тұрақты токты тартқыш қосалқы стансаларды акппараттық-диагностикалық кешендермен, жабдықтың жай-күйі туралы энергия диспетчерлігіне хабар беру мүмкіндігімен жабдықтау ұсынылады.

9.20 Тұрақты токпен электр өткізілген участкелерде байланыс желісі тіреулеріне ілінген және айнымалы токпен жұмыс істейтін қауіпсіздік тізбектері жүйесінің рельс тізбектері бар айнымалы ток желілері түйікталған кезде осы желілерді жерге ажырататын қорғаумен жабдықталуға тиіс.

Қосымша
(*анықтамалық*)

Библиография

[1] Естелік ТЖЫҰ Р 621:2006

Тартқыш қосалқы стансаларды
жобалау бойынша ұсыныстар,
Инфрақұрылым және жылжымалы
құрам жөніндегі ТЖЫҰ
комиссиясының 2006 ж. 6-9
карашадағы кеңісінде бекітілді

ӘОЖ 625.1:629.4

МСЖ 29.100

Түйінді сөздер: теміржолдардың тартқыш қосалқы стансалары, техникалық талаптар, жоғарғы кернеулі тарату құрылғылары



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТЯГОВЫЕ ПОДСТАНЦИИ
ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ**

Технические требования

СТ РК 1830 -2008

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН товариществом с ограниченной ответственностью
«СтройИнжиниринг Астана»

ВНЕСЕН Комитетом транспорта и путей сообщения Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЁН И ВВЕДЁН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 25 декабря 2008 г., № 655 – од

3 В настоящем стандарте реализованы требования Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) Р 621 «Технические требования к тяговым подстанциям железных дорог» по [1] в части использования схем внешнего электроснабжения и распределительных устройств высокого напряжения подстанциям, в части требований к трансформаторам и преобразовательным агрегатам и к трансформаторным подстанциям на собственные нужды, а также систем защите и блокировок

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ

2013 год
5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТЯГОВЫЕ ПОДСТАНЦИИ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ
Технические требования

Дата введения 2009-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает технические требования к тяговым подстанциям железных дорог, классификацию и определяет схемы внешнего электроснабжения и распределительных устройств высокого напряжения подстанций.

Настоящий стандарт распространяется на трансформаторы и преобразовательные агрегаты, трансформаторные подстанции на собственные нужды.

2 Нормативные ссылки

В настоящем стандарте использованы ссылки на следующие стандарты:

ГОСТ 12.2.007.3-75 Система стандартов безопасности труда. Электротехнические устройства на напряжение свыше 1000 В. Требования безопасности.

ГОСТ 17703-72 Аппараты электрические коммутационные. Основные понятия. Термины и определения.

